

ELEMENT

STANDARD

## РИО-ДЕ-ЖАНЕЙРОДАҒЫ ОЙЫНДАР БАСТАЛАР СӘТ ЖАҚЫН



Жазғы Олимпиадаға 78 күн қалды Күннен күн асқан сайын межелі мерзім жақындап келеді. Сәуірдің 21-інде ежелгі Олимп тауының етегінде тұтатылған алау 6 күннен кейін Афина қаласында Рио-2016 ойындарын ұйымдастыру комитеті өкілдеріне тапсырылды. Осыдан кейін Женева арқылы Бразилияға апарылды. Мамырдың 3-інен бері алау эстафетасы елдің бүкіл аумағын аралап жүр. Осы 95 күннің ішінде 83 қала мен 500-ден астам қалашықтарды жағалап өтетін отты тығыршық дәл 5 тамызда Рио-де-Жанейродағы атақты «Маракана» стадионына жеткізіледі. Ал бұл аралықта кезекті XXXI жазғы Олимпия ойындарының әлі таратылмаған жолдамаларын жеңіп алу жолындағы жарыстар жаһанның түкпір-түкпірінде қызу жүріп жатыр. Осы кезге дейін Қазақстан спортшылары айтулы аламанға спорттың 22 түрінен 82 лицензия жеңіп алып үлгерді. Алдағы уақыттарда бұлардың саны тағы да арта түсуі тиіс. Астаналықтар Олимпиадаға құрмет көрсетті Астанада Рио-де-Жанейро Олимпиялық ойындарының құрметіне арналған спорттық шара өткізілді. Оған Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Данияр Әбілғазин және қала әкімі Әділбек Жақсыбеков бастаған лауазымды тұлғалар келді. Төрт жылда бір айналып келетін циклдық спорт жарысы құрметіне ұйымдастырылған айтулы акцияны тамашалау үшін қаланың көптеген тұрғындары жиналды. Олар осы аламанда еліміздің намысын қорғайтын спортшыларымызға қуатты қолдау көрсету үшін келді. Жанкүйер жұрт шара барысында бірқатар саңлақтарымыздың өнерлерін тамашалап, түрлі жарыстар мен шеберлік дәрістеріне қатысты. Сол сәттері «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығының маңы нағыз спорттық алаңға айналып кетті. Көпшілік алдында сөз сөйлеген қала әкімі Әділбек Жақсыбеков олимпиадашыларды төртжылдықтың басты додасы басталатын шақтың жақын қалуымен құттықтай отырып, спортшыларға бәсірелі бәсекелерде табыс биігінен көрінуді тіледі, ал жиналғандарды спортпен айналысуға шақырды. «Мен Қазақстан спортшыларының Олимпия ойындарында жоғары нәтижеге қол жеткізе алатынына сенемін. Оларға сәттілік және денсаулық тілеймін. Бұл – әлемдегі ең елеулі және ауқымды шаралардың бірі. Қазірге дейін біздің спортшыларымыз Олимпиаданың 82 жолдамасына қол жеткізіп отыр. Елімізде Президенттің тапсырмасымен спортшылар үшін барлық жағдай жасалған, сондықтан олар жақсы нәтиже көрсетеді деп сенеміз. Біз өз

кезегімізде оларды қолдап, демеу көрсететін боламыз», – деді қала басшысы. Жиында Астана спортшыларының алдағы межелері туралы да айтылды. Күні бүгінге дейін олар спорттың 8 түрі бойынша 13 лицензия жеңіп алған. Ал алдағы уақытта бұлардың саны әлі де арта түсетін болады.



Ақтөбе де жолдама таратқалы отыр Ақтөбедегі «Достық» су спорты орталығында жүзуден еліміздің чемпионаты сөреден шықты. Бұл жарыстың ерекшелігі сол, ашық сипатта өтетін оған Ресей, Беларусь және Өзбекстан елдерінің де спортшылары қатысып жатыр. Олар осында 5 күнге созылатын жарыс барысында Рио Олимпиадасының лицензиясы үшін күресуде. Осылайша, тамыз айы бойы дерлік Бразилияда көрік қыздыратын жазғы Олимпия ойындарына қатысу құқығын беретін лицензияларды жеңіп алу бәсекесі басталып кетті. Жарыс су спорты түрлері бойынша халықаралық федерациясының (ФИНА) мақұлдауымен өтуде. Сайысты бақылауға Қазақстан Мәдениет және спорт министрлігінің арнайы өкілдері келді. – Чемпионатқа барлығы 17 команда келді. Бізден басты үміткерлер қатарында Александр Тарабин, Сабыр Алмат, Айбек және Әлібек Қамзеновтер, Екатерина Руденко, Әділ Қасқабай секілді саңлақтарымыз бар. Ашық чемпионатқа қатысушылардың өнерлерін бағалаушылар сапына халықаралық федерацияның ресми төрешісі В.Макаревич те қосылды, – дейді Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және денешынықтыру комитеті төрағасының орынбасары Серік Жарасбаев. Мұнда жарыстың түрінен лицензиялар тағдыры шешіледі. Құраманың жаңа формасы дайын Биылғы наурыз айында Астанада Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің кезектен тыс съезі өтті. Оның барысында 2016 жылғы Рио жазғы Олимпия ойындарына қатысатын спортшыларымыздың парадтық және спорттық формаларының тұсаукесері болды. Бұл жолы жаңа формада республика үшін дәстүрлі саналып келген түрлі-түсті бояулардан бас тартуға шешім қабылданды. «Қазжеңілөнеркәсіп-Алматы» киім тігу кәсіпорнының директоры Айбек Бектұрғановтың айтуынша, парадтық олимпиялық киімдерді тігуге табиғи жіптерден тоқылған жоғары сапалы маталар пайдаланылған. «Ерлердің парадтық формасы құрамына пиджак, жейде, галстук, туфли, жол сөмкесі және қолшатыр кірді. Ал әйелдер киімінің жиынтығы жеңіл жакеттен, юбкадан,

туфлиден, жол сөмкесі мен қол шатырдан құралды. Формалар әр спортшы үшін жеке тігілді», – деді Айбек Бектұрғанов. «Біз форманы дайындау кезінде барлық тілектерді ескеріп отырдық. Соған орай бұрын дәстүрлі саналып келген пішімдерден де бас тарттық. Оның қалай шыққанын қазір өздеріңіз көріп отырсыздар. Көзді қуантады. Осыған орай саңлақтарымыз үмітті де ақтап, жоғары табыстарға жетіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді», – деді Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев. Киімдерді дайындауға қатысқан компанияның бас директоры Елена Савичева костюмдерді әзірлеу барысында Бразилиядағы ауа райы жағдайының ерекшеліктері де ескерілгенін айтып өтті. Ұлттық олимпиялық комитеттің басшысы Тимур Құлыбаев жиында киімдер үлгілеріне жоғары баға бере келіп, еліміздің спорт қауымдастығын барлық күш-жігер мен ынта-ықыласты Рио-де-Жанейрода өтетін Олимпия ойындарында жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуға шақырды. «Біз бірінші кезекте таза спорттық және әділ күрес қағидаттарын ұстануға тиіспіз», – деді ол. Боксшы қыздар елордада жолдама үшін күреседі Астанада мамырдың 19-27-сі аралығында бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионаты өткелі тұр. Ол 51, 60 және 75 килоға дейінгі салмақтар дәрежесі бойынша Олимпиада жолдамасының иелерін анықтайды. Бізден мұның алдында өткен олимпиялық іріктеу турнирінде 75 килоға дейінгі салмақтағы Дариға Шәкімова лицензия жеңіп алып қайтқан болатын. Демек, елорда рингінде енді қалған екі салмақ бойынша кескілескен күрес жүреді. Соған қарамастан, Қазақстан біріншілікке толық құрамымен қатысады. Астана қаласындағы «Барыс-Арена» сарайында жалау көтеретін сайыста әлемнің 64 елінен келетін 300-ге жуық бұрымды былғары қолғап шеберлері күш сынасады. Серік ППНАЗАР, «Егемен Қазақстан»